

№6 «Ақкөгершін» бөбекжай балабақшасы

«Тәуелсіз елім - Қазақстаным»

(таным сағаты)

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

Тәрбиеші: Мұқанбетова А.Қ.

12.12.2024ж

№5 «Ақбота» мектепалды тобы

Тақырыбы: «Тәуелсіз елім - Қазақстаным» таным сағаты

Мақсаты:

Балалардың бойында Қазақстанның өткені мен бүгінгі өмірін салыстыра отырып, өз еліміздің даму тарихы туралы танымдарын қалыптастыру. Ұлттық сана сезімін, саяси сауаттылығын ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Желтоқсан оқиғасында ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші:

Сәлеметсіздер ме, құрметті балалар. Біздің тобымыздың "Тәуелсіз елім – Қазақстаным" атты таным сағаты. Бүгін біз Қазақстанымыздың Тәуелсіздік алған күнін тойлағалы отырмыз. Бәрімізге мейрам құтты болсын!!!

Әнұран айтылады.

Тәрбиеші:

Біз тәуелсіз елдің түлегі болғанымызға шексіз қуанамыз. Біздің отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға берілесің. Бұл ұғымның аясы кең. Отан – далаң, орман, тауың, ауылың мен астанаң.

Отан әр жұмыр басты пенденің киелі мекені, жер басып жүрген әр тіршілік иесінің шексіз байлығы. Тәй-тәй басқан нәресте де, еңкейген қария да оның бір мүшесі.

Біздің балаларымыз «Қазақстаным Отаным» әнін айтып берсін.

Тәрбиеші сөзі:

Қазіргі кезде сендер ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсыңдар.

Қазақ халқы еркіндікке жету үшін қаншама қиын – қыстау кезеңдерді бастан кешірді. Мыңдаған жылдық тарихы бар. Ал, 1986 жылғы оқиға халықтың есінде мәңгі сақталады.

16 – желтоқсанда қазақ жастары Орталық алаңға шығып, Қазақстан тәуелсіздігін талап етті.

Бұл күн - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан бүкілхалықтық мереке.

Тақпақтар:

Абдул Азиз:

«Болса екен қазақ баласы»

Ертеңі өсіп елімнің

Сабырлысы болса екен

Ар-ұятты айбатты

Азулысы болса екен

Батыл, берік орнықты

Байсалдысы болса екен

Алғыр, зерек, мейрімді

Ақылдысы болса екен

Гүлдария:

Он алтыншы желтоқсан
Ел мерейі тасыған
Қазақ деген қалың жұрт
Бәрін кешті басынан

Мәлдір:

Он алтыншы желтоқсан
Тәуелсіздік алған күн
Ерекше боп мәңгілік
Ел жадында қалған күн

Кенесары:

Көк аспанда тулардың
Желбіреген күні - бұл,
Елім деген ұлдардың
Елжіреген күні - бұл.

